Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 18 қараша 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың 10 айында энергия ресурстарын тиімді пайдалану нәтижесінде 616 млн теңгеден астам қаражат үнемдеді

2026 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ энергия ресурстарын тұтыну 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4 446 тонна шартты отынға немесе 4,37%-ға азайды.

Есепті кезеңде мұнай жүк айналымына шаққандағы энергияның үлестік шығыны 4,8%-ға төмендеді. Соның нәтижесінде 616 млн 376 мың теңге көлемінде экономикалық әсерге қол жеткізілді.

2026 жылғы қаңтар-қазан айларында компания нысандарында табиғи газ тұтыну өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4 173 мың м³-ке немесе 7,68%-ға қысқарды. Дизель отынын тұтыну 339 тоннадан астамға (12,2%), бензин тұтыну 32 тоннаға (18,8%) азайды.

Айта кету керек, компанияның өндірістік көрсеткіштері 2025 жылмен салыстырғанда өскеніне қарамастан, энергия ресурстарын тұтыну көлемі төмендеді.

2026 жылдың үшінші тоқсанында энергия тиімділігін арттыру бағытында іске асырылған маңызды жобалардың бірі – «Атасу» бас мұнай айдау станциясында жаңа тірек сорғы агрегатын орнату. Жаңа агрегатты пайдалану жыл сайын шамамен 426 мың кВт·сағ электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Энергия ресурстарын ұтымды пайдалану «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Компания өндірістік қуаттарды жаңғырту, энергия тиімділігін арттыру және қоршаған ортаға әсерді азайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыруда.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие және ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі